

ҚАЗАҚСТАННЫҢ БІЛІМ МЕН ҒЫЛЫМЫНЫҢ ДАМУЫНДАҒЫ Н.Д. ОҢДАСЫНОВТЫҢ РӨЛІ

Тайпақ Абай Абзалұлы

a.taypak@mail.ru

«Тарихшы-зерттеуші» мамандығының 2 курс магистранты
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Атырау қаласы, Қазақстан
Республикасы
Ғылыми жетекшісі, т.ғ.д., профессор – Ахметова У.Т.

Аңдатпа. Бұл мақалада мемлекет қайраткері Нұртас Дәндібайұлы Оңдасыновтың Қазақстандағы білім беру және ғылым жүйесінің қалыптасуы мен дамуына қосқан үлесі қарастырылады. 1938–1962 жылдар аралығындағы әлеуметтік-экономикалық және саяси жағдайлар негізінде оның жасаған еңбегінің мазмұны талданады. Зерттеуде жаппай сауатсыздықты жою, мектептер желісін кеңейту, педагогикалық кадрларды даярлау, жоғары оқу орындарын ашу және ғылыми мекемелерді ұйымдастыру мәселелері қамтылған. Сонымен қатар соғыс жылдарындағы білім мен ғылым саласының дамуы, жаңа оқу орындарының құрылуы және Қазақстан Ғылым академиясының негізінің қалануы сараланады.

Кілт сөздер: Қазақ КСР Ғылым академиясы, білім беру жүйесі, сауатсыздықты жою, жоғары оқу орындары, педагогикалық кадрлар.

Нұртас Дәндібайұлы Оңдасынов 1938 жылы Қазақ КСР Халық Комиссарлар Кеңесінің төрағасы болып тағайындалған кезде білім беру жүйесі өте қиын жағдайда болды. 1930-жылдардың соңындағы үлкен террордың салдарынан көптеген мұғалімдер, оқытушылар, ғылыми қызметкерлер қуғын-сүргінге ұшырап, кадр тапшылығы өте қатты сезілді. Республикадағы мектептердің саны аз, көбі шалғай ауылдарда орналасқан, оқу құралдары жетіспейтін, мұғалімдердің көбі орта білімді ғана алған адамдар болатын. Н. Оңдасынов бірінші кезекте мектептерді көбейтуге, оларды материалдық жағынан нығайтуға күш салды. 1938–1941 жылдар аралығында мектептер саны едәуір өсті, оқулықтар басылды, ауыл мектептеріне арнайы бағдарламалар енгізілді. Ол жергілікті кадрларды өсіруге ерекше мән берді. Педагогикалық техникумдар мен институттарға қосымша орын бөліп, қазақ жастарын оқуға тартуға тырысты.

Қазақстанда жалпыға міндетті білім беру жүйесі кеңінен енгізіліп, мектеп жасындағы балалардың барлығы дерлік оқумен қамтылды. Республикада шамамен 19 мыңдай жалпы білім беретін мектеп жұмыс істеді, сондай-ақ 125 техникум мен арнайы оқу орындарында 1,5 миллионға жуық адам білім алды. Жастардың жоғары және арнаулы оқу орындарына деген қызығушылығы артып, білім алушылар саны жыл сайын көбейе түсті. 1941 жылға қарай Қазақстандағы жоғары оқу орындарының саны 20-ға жетіп, онда 10,5 мың студент оқыды. Бұрын көшпелі өмір салтын ұстанған қазақ халқының жастары қысқа уақыт ішінде инженер, мұғалім, дәрігер және техник сияқты түрлі мамандықтарды меңгеріп, халық шаруашылығының әр саласында еңбек ете бастады [1, 177 б.].

Нұртас Дәндібайұлы қызметке келгенге дейін Қазақстанда жаппай сауатсыздықты жою науқаны жүріп жатқан болатын. Сауатсыздықты жою жай ғана ағарту шарасы емес, жаңа қоғам қалыптастырудың құралы ретінде қарастырылды. Бұл науқанның ауқымы кең болды. Ауыл-ауылда қысқа мерзімді курстар ашылды, кешкі мектептер ұйымдастырылды, ересектерге арналған оқу топтары құрылды. Мемлекет үшін сауатты адам өндірісте, басқаруда, армияда қызмет ете алатын жаңа кадр деген сөз еді.

1938–1940 жылдары әлеуметтік салада елеулі өзгерістер болды. Халықтың сауаттылық деңгейі айтарлықтай өсті. 1926 жылы 9-19 аралығындағы жастар арасында 26,7% болса, 1939 жылы бұл көрсеткіш 96%-ға жетті. Елдегі ересек ер адамдардың

сауаттылық деңгейі әр түрлі ақпараттар бойынша 85,2-93 пайызды құрады. Жоғары оқу орындарының саны 20-ға жетіп, онда 10,5 мың студент білім алды. Осы кезеңде өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығы үшін білікті мамандар даярлау күшейтілді. Шамамен 4000 агроном, 3000 зоотехник, ондаған мың техникалық маман даярланды, олардың ішінде 24 мың тракторшы мен 11,8 мың комбайншы болды. 1937–1940 жылдары 100 мыңға жуық механизатор оқытылды [2, 40 с.].

Қазақ КСР-дегі сауатсыздықты жою науқаны ХХ ғасырдың алғашқы жартысындағы ең ауқымды әлеуметтік өзгерістердің бірі болды. Кеңес өкіметінің алғашқы жылдарында республика халқының едәуір бөлігі сауатсыз еді. Дәстүрлі өмір салты, мектеп жүйесінің әлсіз дамуы және зайырлы білімге қолжетімділіктің шектеулі болуы білім деңгейінің төмен болуына себеп болды. Осындай жағдайда сауатсыздықты жою мәселесі жай ғана білім беру реформасы емес, қоғам құрылымын түбегейлі өзгертетін тарихи қадам болды.

Бұл үдерістің басты ерекшелігі оның қарқынында еді. Қысқа тарихи мерзім ішінде мектептер желісі құрылып, ересектерге арналған курстар ұйымдастырылды, мұғалім кадрлары даярланды. Білім беру тек қалалық тұрғындарға ғана емес, ауылдық және шалғай аймақтарға да қолжетімді бола бастады. Халықтың кең қабаты оқу мен жазуды меңгерді. Бұрын бірнеше ондаған жылдарға созылуы мүмкін өзгерістер бір-екі ұрпақ ішінде жүзеге асты. Сауатсыздықты жоюдың тарихи маңызы өте зор. Ол халыққа әкімшілік қызметке, кәсіби даярлыққа және әлеуметтік өсуге жол ашты. Басқару, техника, медицина, ғылым және мәдениет салаларында ұлттық мамандарды даярлау мүмкіндігі пайда болды. Сауаттылық жоғары оқу орындарының, ғылыми мекемелердің және кәсіби интеллигенцияның қалыптасуына негіз қалады.

Қазақ КСР жағдайында сауатсыздықты жою дәстүрлі қоғамнан жаңғыртылған, индустриялық қоғамға өтудің маңызды шарты болды. Білім алу әлеуметтік мінез-құлықтың өзгеруіне, жаңа құндылықтар жүйесінің қалыптасуына және дүниетанымның кеңеюіне ықпал етті. Қысқа мерзім ішінде қоғамдық санада сапалық өзгерістер орын алды.

Әрине, бұл үдеріс орталықтандырылған мемлекеттік саясат шеңберінде жүргізілді және идеологиялық мазмұнмен қатар жүрді. Дегенмен тарихи нәтиже тұрғысынан қарағанда, сауатсыздықты жою республиканың жаңғыруындағы шешуші факторлардың бірі болды. Қысқа уақыт ішінде Қазақстан индустриялық дамуға және өзіндік зияткерлік элитаны қалыптастыруға мүмкіндік беретін білім беру негізін жасады. Қазақ КСР-дегі сауатсыздықты жою тек әлеуметтік науқан ғана емес, қоғамды түбегейлі өзгерткен стратегиялық кезең болды. Оның қысқа мерзім ішінде жүзеге асуы республикадағы модернизациялық үдерістердің ауқымдылығы мен қарқындылығын айқын көрсетеді.

Соғыс жылдары Қазақстанда жоғары білім беру жүйесі тоқтап қалған жоқ, керісінше кеңейе түсті. Бұл кезеңде жаңа институттардың ашылуы республика үшін стратегиялық маңызға ие болды. Нұртас Дәндібайұлы Үкімет төрағасы ретінде жоғары оқу орындарын ұйымдастыру туралы қаулыларға тікелей қол қойып, олардың материалдық-техникалық мәселелерін шешуге араласты. Педагогикалық, медициналық және техникалық бағыттағы оқу орындары құрылды.

Н. Оңдасынов бұл туралы өз жазбасында былай баяндайды: «Соғыстың басында мектептер, оқу орындары және мәдениет мекемелері ауыр жағдайда қалды. Бұл, ең алдымен, олардың ғимараттарында уақытша әскери бөлімдер, әскери госпитальдар, эвакуацияланған кәсіпорындар мен халық орналастырылғанымен және көптеген оқытушылардың майданға кетуімен түсіндірілді. Бірақ партиялық және кеңестік органдар бұл салаға деген назарын әлсіреткен жоқ. Соғыс жылдары Шымкент технологиялық институты, Шетел тілдері институты, Дене шынықтыру институты, Мемлекеттік әйелдер педагогикалық институты, Қазақ ауыл шаруашылық институтының орман факультеті мен су шаруашылығы факультеті, Алматы мемлекеттік консерваториясы және басқа да оқу орындары ашылды. Бұл күрделі міндетті табысты шешуге эвакуацияланған профессорлық-оқытушылық құрам үлкен көмек көрсетті. Жоғары оқу орындарына қабылдау жоспарын қамтамасыз ету мақсатында дерлік барлық институттар жанынан майдангерлер мен

жұмысшы жастарға арналған даярлық курстары ұйымдастырылды. Сонымен қатар республикада мамандар даярланбайтын мамандықтар бойынша жыл сайын ұйымдасқан түрде орталық жоғары оқу орындарына 200 студент жіберіліп отырды. Әрине, жоғары білім беруді жаппай дамыту оңай іс болған жоқ. Студенттерге арналған жатақханалар, оқу аудиториялары, профессорлық-оқытушылық құрамға арналған пәтерлер жетіспеді. Бұл іске қатысы бар әр адамның міндеті — оған күн сайын өз үлесін қосу еді. Қазір оның жемісті нәтижелер бергенін қуанышпен айтуға болады. Соғыстың қиын жылдарында ұйымдастырылған жоғары оқу орындары кейін ірі білім беру және ғылыми ұйымдарға айналды» [3].

1944 жылы Қазақ қыздар педагогикалық институты құрылды. Институтты құру жөнінде Н.Оңдасыновтың КСРО Халық Комиссарлар Кеңесіне жазған өтінішінің көшірмесі Қазақстан Республикасының орталық мемлекеттік архивінде сақталған. Оның мәтінінде: «КСРО Халық Комиссарлары Кеңесі Төрағасының орынбасары жолдас Вознесенскийге.

Қазақстан Республикасында 1944–45 оқу жылына дейін қазақ әйелдері арасынан педагог кадрларды даярлау орта және жоғары педагогикалық оқу орындарында жалпы тәртіппен жүргізіліп келді. Алайда ауылдық жерлердегі көптеген қазақ орта мектептерінің педагогикалық оқу орындары бар қалалардан қашық орналасуы қазақ қыздарын педагогикалық училищелер мен жоғары оқу орындарына тартуды қиындатты. Қазақ әйелдері арасынан білікті педагог кадрларды табысты даярлау үшін жағдай жасау мақсатында БК(б)П Орталық Комитеті 1944 жылғы 1 сәуірдегі шешімімен Қазақстанда Қазақ әйелдер институтын және Қазақ әйелдер педагогикалық училищесін ұйымдастыруды қажет деп тапты. Бұл оқу орындары 1944–45 оқу жылының басынан бастап жұмыс істей бастады. Қабылданған контингент: әйелдер институтында – 90 адам, әйелдер педагогикалық училищесінде – 60 адам. Сонымен қатар институт жанындағы екі жылдық дайындық бөлімінде – 60 адам. Қазақ әйелдері арасынан педагог кадрларды даярлау үшін ерекше жағдай жасау қажеттілігіне байланысты Қазақ КСР Халық Комиссарлары Кеңесі КСРО Халық Комиссарлары Кеңесінен жаңадан ұйымдастырылған Қазақ әйелдер оқу орындары үшін мемлекеттік есебінен төмендегілерді бекітуді сұрайды:

1. Студенттерге стипендияның орнына тамақтануына тәулігіне ... рубль мөлшерінде шығынды қарастыру (сан құжатта анық оқылмайды).

2. Студенттер мен оқушыларды жазғы және қысқы киім-кешекпен, сондай-ақ төсек-жабдықпен қамтамасыз ету.

3. Оқулықтар, оқу-жазу құралдары, жеке гигиена заттары мен санитарлық-медициналық қызмет көрсетуге арналған шығындарды өтеу.

4. Институт студенттері мен училище оқушыларын оқу ақысы төлеуден босату» [4].

1944 жылы Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық институтының ашылуы ерекше маңызға ие болды. Бұл шешім әйелдердің жоғары білім алуына кең мүмкіндік берді. Соғыс жылдары ер азаматтардың көпшілігі майданда болғандықтан, әйел кадрларды даярлау мәселесі әлеуметтік әрі практикалық тұрғыдан өзекті еді. Институттың құрылуы қазақ қыздарының педагогикалық білім алып, ауыл мектептерінде қызмет етуіне жол ашты. Білім жүйесінің тұрақтылығын қамтамасыз етудің нақты қадамы болды.

Сол жылы Алматыда Мемлекеттік консерватория ашу туралы қаулы қабылданды. Консерватория құрылымы нақты айқындалды. Тарихи-теориялық, композиторлық, вокалдық, фортепиано, ұлттық аспаптар және дирижерлік бағыттар бойынша факультеттер ұйымдастырылды. Оқытушыларға тұрғын үй беру, студенттерге жатақхана бөлу мәселелері де шешімде қарастырылды. Бұл оқу орны кейін Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясына айналып, ұлттық кәсіби музыкалық кадрларды даярлаудың негізгі орталығы болды. Соғыс жылдарының өзінде мұндай шешім қабылдануы білім мен өнер саласына ұзақ мерзімді көзқарас болғанын көрсетеді. Шет тілдер институтының ашылуы да оның бастамасымен жүзеге асты – бұл институт қазақ жастарына шет тілдерін меңгеріп, халықаралық байланысқа дайын мамандар даярлады [1, 172-173 б.].

Ұлы Отан соғысы жылдарында Н.Д. Оңдасыновтың қолдауымен Қазақстанда бірқатар маңызды оқу және мәдени мекемелер ашылды. Сол кезеңде Құрманғазы атындағы Қазақ мемлекеттік консерваториясы, дене тәрбиесі және спорт институты, сондай-ақ шет тілдер педагогикалық институты құрылды. Сонымен қатар Абай атындағы Қазақ опера және балет театрының құрылысы аяқталып, Қазақстан Ғылым академиясының болашақ ғимаратының іргетасы қаланды. Осы шаралардың нәтижесінде республикада ғылыми және мәдени кадрлар саны мен сапасы айтарлықтай артты, мәдени мекемелердің материалдық-техникалық базасы нығайды. Мұның бәрі ғылым мен мәдениеттің жаңа бағыттарының қалыптасуына ықпал етіп, астрофизика, ядролық физика, мүсін өнері, бейнелеу өнері және кино салаларының дамуына жол ашты [5, 163 б.].

Соғыс жылдары мен соғыстан кейінгі кезеңде білім беру жүйесімен қатар ғылым саласын институционалдық тұрғыдан қалыптастыру мәселесі көтерілді. Бұған дейін ғылыми зерттеулер жеке секторлар мен шағын институттар аясында жүргізіліп келген еді. Бірақ республика табиғи ресурстарға бай, ауыл шаруашылығы мен өнеркәсіп дамып келе жатқан аймақ болғандықтан, ғылыми негізделген зерттеу орталықтарының қажеттілігі айқын сезілді. Осы жағдайда Қазақстан Ғылым академиясын құру туралы шешім қабылданды. 1946 жылдың маусымында академияның ресми ашылуы өткенде, Оңдасынов республиканың үкімет басшысы ретінде сөз сөйлеп, ғылымның мемлекет дамуындағы рөліне ерекше тоқталды. Ол академияның алғашқы құрамын бекіту қаулысына қол қойып, Қаныш Сәтбаевты президенттікке ұсынып, оның кандидатурасын қолдады.

Оның Ғылым Академиясын құруда басты мұрындық болғаны белгілі. Қазақстан ғылымының тарихында Нұртас Дәндібайұлы Оңдасынов пен Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың кездесуі айрықша маңызға ие. Соғыс жылдарының күрделі кезеңінде республикада дербес Ғылым академиясын құру мәселесі күн тәртібіне шыққанда, бұл істі кімге сеніп тапсыру қажет деген сұрақ туындады. Н.Д. Оңдасынов өз естелігінде Қазақстандағы ғылыми кадрларды саралай келе, лайықты тұлға табу оңай болмағанын жазады. Сол кезде оның есіне Қаныш Сәтбаевтың мақалалары түседі. Геология саласындағы еңбектері мен ғылыми ойлары назарын аударған Сәтбаевты арнайы шақыртып, Мәскеуде кездеседі. Кездесу барысында Оңдасынов Қазақстан ғылымын көтеру қажеттігін ашық айтады. Ұлттық ғылыми кадрларды даярлау, жас ғалымдарды аспирантураға жіберу, республикалық ғылыми құрылымды күшейту жөнінде нақты ұсыныстар жасайды. Ол қаржы мәселесінде қолдау көрсететінін де білдіреді.

Қ.Сәтбаевқа ең алдымен Орталық Ғылым Академиясына мүше болу керек болды. Бұдан арғы болған оқиғаны Н.Оңдасынов Гүлсім Оразалиеваға берген сұхбатында былай баяндайды: «Енді филиалға бастық болу үшін Орталық Ғылым Академиясына мүше болу керек. Оны қалай шешеміз? Ол үшін Академияның президенті академик Комаровпен сөйлесу керек болады. Телефон соғып ертеңіне-ақ Комаровтың қабылдауына баратын болдык. Мен өмірімде кездесуге кешігіп барған адам емеспін. Өзімнің, өзгенің уақытын алғанды ұмытпаймын. Бірақ, бірінші рет өмірімде Комаровқа 5 минут кешігіп бардым. Дәл шығар алдында Кремльден, бастықтардың біреуі телефон соқты да бір мәселеге келісе алмай ұзақтау сөйлесіп тұрып қалдым. Оған менің уақытым жоқ еді деп айта алмадым ғой. Сөйтіп 5 минут кешігіп барсақ шалдың ашуы бетіне шығып, қып-қызыл болып, бұртығып отыр екен.

– Что Вы, товарищи, думаете здесь бездельники сидят?

Сосын мен айттым:

– Извините, пожалуйста, мы тоже не бездельники. Я только хотел перед Вами извиниться. Меня задержал звонок из Кремля, как хотите наказывайте, полностью признаю свою вину.

Осыдан кейін шалдың ашуы басылып, сөз басталып кетті.

Қазақстан ғылымын көтеру керек екенін, оған көмек қажеттігін айта келіп, Қазақстан түгілі Орта Азиядан Орталық Ғылым Академиясына бір мүше жоқтығын, соны Сізбен ақылдаса келгенімді айттым. Шал бірден жұлқып:

– Кімнің бар? – деді менсінбеген кейіпте. Мен де іле:
– Сәтбаев бар, нағыз академик болуға лайықты, – дедім де толық таныстырып шықтым. «Бұдан артық кім керек Сізге?» деп қалжындап қойдым. Сөйтсем шал:
– Сендер ақылдасуға келдіңдер ме, әлде талап етуге келдіңдер ма? – дейді.
– Әрине, ақылдасуға келдік, талап ететін болсақ арнайы Үкімет атынан хат жазып, пошта арқылы жіберіп отыра берер едік. Хат жіберудің алдында өзіңізбен әдейі ақылдасуға келдік, – дедім.

– Онда менің ақылымды тыңдандар, жаңағы сендер келісіп келдік, «қолдаймыз Сәтбаевты!» деген геология бөліміндегі шалдардың сөзіне мен сенбеймін. «Миымды ашытпай аулақ жүрсін» деп олар әуеде бере береді, ал, жеке-жеке дауыс беруге келгенде тайқып шығады. Сондықтан ақыры менімен ақылдасуға келген болсаңдар, енді мені тыңдандар. Мен бірден академиктікі емес, Орталық Ғылым Академиясына корреспондент-мүше болуды, оған өз дауысымды және басқалардың дауыс беруін әуеде бере аламын, – деді.

Мен орнымнан атып тұрып Қанышты құттықтап жатырмын...

Содан бір жылдың ішінде Қаныш Сәтбаев Орта Азиядан тұңғыш рет Орталық Ғылым Академиясына корреспондент-мүше болып сайланды. Әрі қарай мен араласқан жоқпын. Алайда тағы да бір жылдан кейін ол СССР Ғылым Академиясының нағыз академигі болып шыға келді. Ал, 1942 жылы СССР Ғылым Академиясы қазақ филиалы президиумының төрағасы болып тағайындалды. Қаныштың өзі де соған лайықты болатын. Өте жақсы, білімді, парасатты мол адам еді. Сондай адамды газеттегі мақаласын оқып танып, талап алғанымға кейде өзіме де риза болып қоямын, балам» [6, 63-64 б.].

КСРО Ғылым академиясының Қазақ филиалы 16 ғылыми-зерттеу институтын біріктірген ірі ғылыми құрылым болды. Бұл мекемелерде 1000-нан астам ғалым еңбек етті, олардың қатарында 75 ғылым докторы мен профессор, сондай-ақ 188 ғылым кандидаты мен доцент бар еді. Республика деңгейінде дербес Ғылым академиясын құру мақсатында Қазақстан КП Орталық Комитеті мен Қазақ КСР Министрлер Кеңесі арнайы комиссия жасақтады. Аталған комиссияға Қаныш Сәтбаев төрағалық етті әрі оның орынбасары қызметін де атқарды. Жоспар бойынша болашақ Академияның мүшелік құрамы ғылым докторларынан жасақталып, олардың кемінде жартысы жергілікті ұлт өкілдерінен болуы тиіс деп белгіленді [5, 163 б.].

Ғылым академиясының ұйымдастырылуы республикадағы ғылыми ойдың дербес деңгейге көтерілуін білдірді. Оның құрамына геология, биология, тіл және әдебиет, тарих, ауыл шаруашылығы сияқты бағыттар кірді. Геологиялық зерттеулерге ерекше мән берілді, республика экономикасы табиғи байлықтарды игерумен тығыз байланысты еді. Ғылыми өйткені, мекемелер өндіріс пен шаруашылыққа тікелей қызмет ететін сипат алды. Бұл ғылымды теориялық сала ғана емес, практикалық құрал ретінде қарастырғанын көрсетеді.

Қазақстан үшін өз академиясының құрылуы ұлттық ғылымның жетілгенін және мемлекеттік деңгейдегі міндеттерді шешуге қабілетті екенін мойындау еді. Соғыс жылдарында Қазақстан көптеген ғылыми мекемелер мен мамандарды қабылдады, бұл ғылыми ортаның қалыптасуына ықпал етті. Осы ортаға институционалдық негіз қажет болды. Саяси тұрғыдан алғанда, кеңестік билік республикалардың мәдени және ғылыми дербестігін нығайтып, оларды одақтық ғылыми жүйеге интеграциялауды көздеді. Мәдени тұрғыдан бұл оқиға қазақ тілін, әдебиетін, тарихын зерттеуге және ұлттық сана-сезімді дамытуға мүмкіндік берді.

Нұртас Дәндібайұлы үкімет басшысы ретінде академияның құрылуына және ғылыми институттардың материалдық-техникалық базасын нығайтуға қолдау көрсетті. Ғылыми кадрларды тарту, зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру, қаржыландыру мәселелері мемлекеттік деңгейде шешілді. Республикаға белгілі ғалымдар шақырылып, жас зерттеушілерді даярлау ісі қолға алынды. Бұл кезеңде ғылым мен өндірістің байланысы күшейді.

Академияның құрылуымен бірге бірнеше ғылыми институттардың негізі қаланды. Оңдасыновтың қолдауымен әдебиет және өнер институты, тіл білімі институты, тарих және этнография институты, геология және география институты жұмыс істей бастады. Бұл институттардың штатын бекіту, алғашқы академиктер мен мүше-корреспонденттерді тағайындау қаулыларына өз қолын қойды [1, 355 б.].

Ол Қаныш Сәтбаевты Жезқазғаннан шақырып, академия президенттігіне ұсыну арқылы қазақ ғылымының басында ұлттық кадрдың тұруын қамтамасыз етті. Академияның алғашқы жылдарында зерттеу жұмыстары негізінен табиғи байлықтарды игеру, тарихты зерттеу, тіл мен әдебиетті дамытуға бағытталды. Оңдасынов осы бағыттарға қаржы бөлуге, ғалымдарға жағдай жасауға ерекше назар аударды. Ғылым академиясының құрылуы Қазақстанда ғылымның жүйелі дамуына жол ашты. Республика тек өндірістік аймақ ретінде емес, ғылыми зерттеу орталығы ретінде де қалыптаса бастады. Бұл үдеріс кейінгі онжылдықтардағы ғылыми кадрлардың өсуіне және ғылыми мектептердің қалыптасуына негіз болды.

Гурьевке келгеннен кейін де алғашқы жасалған жұмыстардың бірі білім саласы болды. Оның бастамасымен облыс мектептерінде политехникалық оқыту жүйесі енгізілді. Бұл жүйенің мақсаты оқушыларға ғылым негіздері, яғни физика, химия, биология, математика, сызуды терең меңгерту және білімді өндіріс пен ауыл шаруашылығымен ұштастыру болды. Төменгі сыныптарда қол еңбегі, орта буында тәжірибелік сабақтар, жоғары сыныптарда машина жүргізу мен электротехника негіздері оқытылды. Оқушылар өндірістік экскурсияларға қатысып, техникалық және ауыл шаруашылығы бағытындағы үйірмелерге тартылды. Нәтижесінде мектептерде шеберханалар, техникалық және ауыл шаруашылығы үйірмелері ашылып, оқу-материалдық база нығайтылды. Облыс жұртшылығы мен колхоз-совхоздардың қолдауымен мектеп ғимараттары салынып, шеберханалар жабдықталды, интернаттар желісі кеңейді. 1959 жылы облыста 5 орта, 22 сегізжылдық және 31 бастауыш мектеп пайдалануға берілді. Кәсіпорындар мен шаруашылықтардың көмегімен ондаған мектеп, сынып бөлмелері, интернат ғимараттары, оқу шеберханалары мен спорт залдары салынды. Соның нәтижесінде 1957–1958 оқу жылдарында оқу үлгерімі айтарлықтай жақсарды [7, 52 б.].

1938–1962 жылдар аралығында республикада жоғары оқу орындарының саны едәуір өсті, ірі оқу ордалары қалыптасты. Ғылым академиясының ашылуымен әдебиет, тіл білімі, тарих, геология, су шаруашылығы сияқты бағыттар бойынша ғылыми институттар жұмыс істей бастады. Оңдасыновтың тікелей қолдауымен қазақ жастарының жоғары білім алуына жол ашылды, шәкіртақылар бөлінді, жатақханалар салынды, ұлттық кадрлардың үлесі жоғары оқу орындарында және ғылыми мекемелерде айтарлықтай артты. Бұл жылдарда қазақ ғылымының алғашқы мектебі қалыптасты.

Дегенмен, бұл саясаттың шектеулері де айқын болды. Идеологиялық қысым күшті болды. Ғылымның барлық саласы «маркстік-лениндік ілім» шеңберінде қалып қойды, ұлттық тарих пен мәдениетті зерттеу кейде «буржуазиялық ұлтшылдық» айыбымен шектелді. Репрессиядан кейінгі зиялы ортаны қалпына келтіру қиынға соқты, көптеген талантты ғалымдар әлі де қауіпте болды. Осы қайшылықтарға қарамастан, оның саясаты Қазақстанның білім және ғылымының дамуына жол ашты.

Қорыта айтқанда, Нұртас Дәндібайұлы Оңдасынов қызмет еткен кезең Қазақстанда білім мен ғылым жүйесінің институционалдық тұрғыдан қалыптасу дәуірімен тұспа-тұс келді. Соғысқа дейінгі жылдары жаппай сауатсыздықты жою ісі аяқталып, мектеп желісі кеңейіп, педагогикалық кадрлар даярлау жолға қойылды. Білім енді жекелеген топтардың артықшылығы емес, кең ауқымды мемлекеттік саясаттың нысанына айналды. Соғыс жылдарының ауыр жағдайына қарамастан, жоғары оқу орындарының ашылғаны білім саясатының жүйелі жүргізілгенінің дәлелі.

Ғылым академиясының құрылуы Қазақстандағы ғылыми ойдың жаңа деңгейге көтерілуін білдірді. Табиғи ресурстарды зерттеу, ауыл шаруашылығы мен өндірісті ғылыми негізде дамыту, гуманитарлық бағыттағы зерттеулерді жүйелеудің барлығы ғылыми

құрылымдардың тұрақтануына ықпал етті. Ғылым мен өндіріс арасындағы байланыс күшейді, ұлттық ғылыми кадрлар қалыптаса бастады.

Оның төрағалығы кезінде Қазақстанда ұлттық ғылым мектебі қалыптасты, білім беру жүйесі кеңейді және ғылым халық шаруашылығының қажеттілігіне бағытталды. Бұл саясаттың нәтижелері бүгінгі күні де Қазақстанның білім және ғылым саласының негізі болып отыр. Оның саясаты кеңестік жүйе жағдайында ұлттық мүддені қорғаудың және ғылым мен білімді дамытудың ең жарқын үлгісі болып тарихта қалды. Нұртас Оңдасынов кезеңіндегі білім мен ғылым саясаты Қазақстанда зияткерлік әлеуеттің қалыптасуына, ұлттық кадрлардың өсуіне және ғылыми құрылымдардың нығаюына ықпал етті. Бұл өзгерістер республика дамуының келесі кезеңдерінде маңызды рөл атқарды.

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1 Еңсенов Қ.А. Нұртас Оңдасынов. Монография. – Шымкент: «АЗИАТ» баспа үйі, 2017. -408 б.

2 Аккузинов А.К. «Казахская ССР превращается в основную базу союза по производству цветных металлов, крупный район добычи угля, нефти, мощного сельского хозяйства» // Военно-исторический журнал. - 2023. - № 11(763). – С.32-41

3 Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архиві (одан әрі ҚР ОМА) 2330-қ.,1-т., 26-іс., 19-20 п.

4 ҚР ОМА 2330-қ.,1-т., 26-іс., 69 п.

5 Утегенов К., Мурзағалиев А.Д. «Роль Н. Ундасынова в развитии науки и культуры Казахстана в годы Великой Отечественной Войны» //ҚазҰУ Хабаршысы. – 2007. - № 1 (44). – 162-164 б.

6 Оңдасынов Н. Өмірбаяндық деректер. Ой-толғаныстар. Мақалалар мен естеліктер. (Бесінші рет басылуы). /Құраст. Гүлсім Оразалықызы – Алматы: ҚР «Полиграфкомбинат» ЖШС, 2024. – 456 б.

7 Мұқтар Ә.Қ. Біріншілер (1938 – 2019 жылдардағы Атырау облысы тарихынан): Монография. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2020. – 328 б.